

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2019 жылғы 19 маусымда айтылды

**Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
А.Қ. Аймағамбетовке**

#### ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Асхат Қанатұлы!**

Елбасы Н. Назарбаев «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде белгілеген маңызды міндеттердің бірі – ауылдарды өсу және орнықты даму нүктесіне айналдыру. Әлбетте, ауылдың қарышты дамуы көбінесе ауыл мектебінің қызметіне байланысты.

Қазақстанда жергілікті атқарушы органдарға ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің 75%-ы бұл ауыл мектептері (7014-тің 5285-і), оларда оқушылардың 46%-ы оқиды (3 105 334-тің 1 423 988-і).

ЭЫДҰ-ның деректері бойынша (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) білім беру ортасы және тіпті мектеп ғимаратының жай-күйі балалардың үлгеріміне әсер етеді. Қазақстанда орнықты дамудың 4-ші мақсатына (ОДМ) қол жеткізу құралдарының бірі барлық оқушылар үшін тиімді оқу ортасын қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстанда ауыл мектептерінің тек төртінші бөлігі (1283) ғана бейімделген үй-жайларда орналасқан. Ауыл мектептерінің 13%-ында (696) абаттандырудың қандай да бір түрі жоқ, 31%-ы (1644) тасымалданатын суды

пайдаланады, 45%-ында (2357) тек ауладағы дәретханалар бар және 53%-ы (2823) қатты отынмен жеке жылытуды, оның ішінде пешпен жылытуды пайдаланады.

Ауыл мектептерін жаңа модификациядағы кабинеттермен қамтамасыз ету деңгейі төмен: физика бойынша – 45% (2377), химия бойынша – 42% (2192), биология бойынша – 38% (2005).

Ауыл мектептерінің 88%-ы (4639) ғана 4 Мбит/сек және одан жоғары жылдамдықпен кең жолақты интернет желісіне қосылған, мектептердің 8%-ы (455) ғана орта білім беруді ақпараттандыруға қатысады. Қолда бар компьютерлік техниканың 33%-ы (55697) ауыстыруды талап етеді.

Қазақстанның 10 мұғалімінің 6-ы ауыл мектептерінде жұмыс істейді. Олардың ішінде тек 89,5%-ы жоғары білімді, 19%-ы жоғары санатты және 61%-ында санаты жоқ.

Мұның үстіне, БҒМ деректері бойынша қала мен ауыл арасындағы білім беру шығындарының алшақтығы 2017 жылы 45,4%-ды құрады.

Осының салдары ауылда білім беру сапасының төмендеуіне алып келеді, бұл оқушылардың жетістіктерін ішкі және сыртқы бағалау нәтижесінде байқалды.

Мысалы, PISA-2015 барлық үш бағыты бойынша (*математикалық, жаратылыстану-ғылыми және оқырман сауаттылығы*) ауыл оқушыларының көрсеткіштері қалалық деңгейден 20-дан астам баллға төмен, бұл оқудың жарты жылға артта қалуына сәйкес келеді.

TIMSS-2015 нәтижелері бойынша ауылдық сегізінші сынып оқушыларының орташа балы қалалықтарға қарағанда математикадан 33 баллға, жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша 37 баллға төмен. Бастауыш мектеп көрсеткіштерінде де осындай жағдай.

Сонымен қатар, ОЖЖБ-2018 нәтижелері қала және ауылдық мектеп оқушылары арасындағы орташа балл алшақтығының ұлғаю үрдісін көрсетеді. Егер 4-сыныптарда ол 2,33 балл болса, 9-сыныптарда 7,08 балл болса, 11-сыныптарда 11,84 балл. Бұл өз кезегінде ҰБТ-ның орташа балында көрінеді. Соңғы 3 жылда бұл айырмашылық 8-9 баллды құрады, бұл ауыл мектептері түлектерінің жоғары білім алуға қолжетімділігінің теңдігін қамтамасыз етпейді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып:

1) ауыл мектептерін қолдау Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып белгіленсін;

2) ауыл мектептері оқушыларының білімін қалалық мектептермен теңестіру үшін олардың базалық жағдайлары мен тең білім беру мүмкіндіктерін жасау жөнінде кешенді шаралар қабылдасын;

3) білім беру сапасын арттыру, менеджментті жақсарту және тиімділігін арттыру; қаржылық және материалдық-техникалық ресурстарды нығайту; білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі оқу орындарымен тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларды қамти отырып, ауыл мектептерін қолдау мен дамытудың нысаналы бағдарламасын іске қоссын;

4) жоғары сыныптарда оқытуды дараландыруға және білім алушыларды әлеуметтендіруге бағытталған бейіндік оқыту жүйесін құрсын, сондай-ақ ауыл мектептерінің оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын жандандырсын.

Депутаттық сауалға жауапты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймыз.

*Құрметпен,*

**Қазақстан Республикасы Парламенті**

**Мәжілісінің депутаттар,**

**«Nur Otan» партиясы Фракциясының мүшелері**

**Д. Нұрманбетова**

**З. Балиева**

**А. Нұркина**

**Ж. Омарбекова**

**Б. Оспанов**

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған**

**В. Божко**

**«Халық коммунистері» фракциясының мүшесі**

**И. Смирнова**

*орын. Тусенова С.М.*

*тел. 746145, [tusenova@parlam.kz](mailto:tusenova@parlam.kz)*

Оглашен 19 июня 2019 года

**Министру образования и науки  
Республики Казахстан  
Аймагамбетову А.К.**

## ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

**Уважаемый Асхат Канатович!**

Одна из важных задач, обозначенных Лидером нации Н. Назарбаевым, на XVIII съезде партии «Nur Otan» - превратить села в точки роста и устойчивого развития. Очевидно, что поступательное развитие села во многом связано с деятельностью сельской школы.

В Казахстане 75% дневных государственных общеобразовательных школ, подведомственных МИО, это сельские школы (5285 из 7014), в которых обучается 46% школьников (1423988 из 3105334).

По данным ОЭСР (*Организации экономического сотрудничества и развития*) образовательная среда, и даже состояние школьного здания влияет на успеваемость детей. Обеспечение эффективной среды обучения для всех является одним из средств достижения 4-й цели устойчивого развития (ЦУР) в Казахстане.

Вместе с тем, только четвертая часть (1283) сельских школ в Казахстане расположена в приспособленных помещениях. В 13% (696) же сельских школ отсутствуют какие-либо виды благоустройства, 31% (1644) - используют привозную воду, 45% (2357) - имеют только надворные туалеты и 53% (2823) - используют индивидуальное отопление на твердом топливе, в т.ч. печное.

Существует низкое обеспечение сельских школ кабинетами новой модификации: по физике – 45% (2377), химии – 42% (2192), биологии – 38% (2005).

К широкополосной сети интернета со скоростью от 4 Мбит/сек и выше подключено только 88% (4639) сельских школ, лишь 8% (455) школ участвуют в информатизации среднего образования. 33% (55697) имеющейся компьютерной техники требует замены.

Из 10-ти учителей Казахстана 6 работают в сельских школах. Из них только 89,5% с высшим образованием, 19% с высшей категорией и 61% без категории.

Более того, по данным МОН разрыв расходов на образование между городом и селом в 2017 году составил 45,4%.

Следствием всего этого является снижение качества образования на селе, что отмечено результатами внешней и внутренней оценки достижений учащихся.

К примеру, по всем трем направлениям PISA-2015 (*математическая, естественно-научная и читательская грамотность*) показатели сельских школьников ниже городских более чем на 20 баллов, что соответствует отставанию на полгода обучения.

По результатам TIMSS-2015 средний балл сельских восьмиклассников ниже городских по математике на 33 балла, по естественнонаучным предметам - на 37 баллов. Аналогичная ситуация и в показателях начальной школы.

Также результаты ВОУД-2018 показывают тенденцию увеличения разрыва среднего балла между городскими и сельскими школьниками. Если в 4 классах она составляла 2,33 балла, в 9 классах - 7,08 балла, то в 11-х – 11,84 балла. Это, в свою очередь, отражается на среднем балле ЕНТ. За последние 3 года эта разница составила 8-9 баллов, что не обеспечивает равенства доступа выпускников сельских школ к получению высшего образования.

Учитывая изложенное, считаю необходимым:

1) определить одним из приоритетных направлений новой Государственной программы развития образования и науки на 2020-2025 годы поддержку сельских школ;

2) принять комплексные меры по созданию базовых условий и равных образовательных возможностей сельским школьникам для выравнивания их знаний наравне с городскими;

3) запустить целевую программу поддержки и развития сельских школ с включением мероприятий по повышению качества образования, улучшению и эффективности менеджмента; укреплению финансовых и материально-технических ресурсов; обмену опыта с учебными заведениями разных уровней образования;

4) создать систему профильного обучения в старших классах, ориентированную на индивидуализацию обучения и социализацию обучающихся, а также активизировать профориентационную работу среди сельских школьников.

Ответ на депутатский запрос просим предоставить в установленные законодательством Республики Казахстан сроки.

*С уважением,*

**депутаты Мажилиса**

**Парламента Республики Казахстан,**

**члены Фракции партии «Нур Отан»**

**избранный от Ассамблеи народа Казахстана**

**член Фракции «Народные Коммунисты»**

**Д. Нурманбетова**

**З. Балиева**

**А. Нуркина**

**Ж. Омарбекова**

**Б. Оспанов**

**В. Божко**

**И. Смирнова**

*исп. Тусенова С.М.*

*тел. 746145, tusenova@parlam.kz*